

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч. Записки о судебной реформе. - Алматы: «ВШП Адилет», 1999. - 295 с.
2. Бойков А., Карпец И. Курс советского уголовного процесса. - М.: Юрид. лит, 1989. - 560 с.
3. Төлеубекова Б.Қ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2000. - 410 с.
4. Шуменова Р.Т. Система процессуальных гарантий обеспечения кагίδαов уголовного судопроизводства. - Алматы, 2001. - 168 с.
5. Урбан В.В. Реализация кагίδαа разумного срока уголовного судопроизводства: автореферат дисс... кандидата юридических наук. – М., 2013. - 125 с.
6. Перлов И.Д. Уголовное судопроизводство в СССР. - М.: «Госюриздат», 1959. - 102 с.
7. Когамов М.Ч. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. - 278 с.
8. Волынец К.В. Некоторые проблемы в правовом регулировании кагίδαа «Разумный срок уголовного судопроизводства» // Вестник Удмуртского университета. Сер. Экономика и право. - 2013. - №1. – С.138-145.
9. Шарипов Ш.М. Судьяның тәуелсіздігі - сот билігінің демократиялық кагίδαасы. –Алматы, 2001. - 128 б.

#### **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН, ҚАМАҚТАН НЕМЕСЕ КҮЗЕТТЕН ҚАШУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

*Машабаев А.Ж., з.ғ.к., доцент, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі  
Қабдыкәрім Ж.Х., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі осы қылмыстық қол сұғушылық арқылы бұзылатын заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар болып табылады. Барлық жасалатын кез келген қылмыс тікелей немесе жанама қоғамдық қатынастарға қол сұғады.

Әр қылмыстық құқық бұзушылық кез келген емес, қылмыстық заңмен қорғалатын нақты қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді. Осы қатынастардың маңыздылығы, қылмыстық құқықбұзушылық келтірілетін зиянның сипаты осы қылмыстың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін, оның әлеуметтік мәнін анықтайды. Объектіні дұрыс анықтау қылмыстық іс-әрекеттің, жасалған қылмыс үшін жауапкершіліктің нысандары мен шектерінің әлеуметтік және құқықтық табиғатын ұтынуға септігін тигізді. Осыған байланысты Б. С. Никифоров былай деп атап көрсеткен: «бірқатар, тіпті көп жағдайларда қылмыстың объектісі жөнінде мәселені қате шешу жасалған қылмысты қате саралаудың қайнар көзі болып табылады»[1, 76].

Заң әдебиеті көздерінде қылмыстың объектісін анықтау жөнінде бірқатар пікірталастар бар. Айталық, белгілі ғалым Е.І. Қайыржанов қоғамдық қатынастар ұғымын қоғамдық мүдде ұғымымен ауыстыруды жөн көреді, ал профессор А. В. Наумов қылмыстың объектісі деп қылмыстық әрекет қандай жасайтын және қылмыстық заң қорғайтын игіліктерді есептейді. Әйтсе де, мүдделер мен игіліктер қоғамдық қатынастардың мазмұнын құрайтын элементтер қатарына жататынын және сол қоғамдық қатынастар бірнеше элементтерден тұратын күрделі құрылым екенін ескеру қажет [2, 89].

Жалпы объект ұғымының қызметі тек тектес және тікелей объектілер ретінде болатын қоғамдық қатынастарды біртұтас жүйеге біріктіруде ғана емес, сондай-ақ бұл ұғым олардың негізгі қасиетін: қоғамның осы даму сатысында оның маңызды қатынастарының қатарына жатқызылуын білдіреді.

Жалпы объектіден айырмашылығы - басты түрде қылмыстық заңнаманы жүйелеу және қылмыстарды жіктеу міндеттерін атқаратын тектес объект, қоғамдық өмірдің қандай да бір саласында болатын біртектес, бір-бірімен өзара байланысқан қоғамдық қатынастар немесе олардың топтарын құрайды.

Дәл осы қасиеті әрекет етіп тұрған әрекет ҚК Ерекше бөлімін құру кезінде негізге алынды, бұл заң шығарушыға ҚК бір тарауының шегінде сот төрелігіне және жаза орындау тәртібіне қарсы қылмыстар туралы нормаларды дұрыс біріктіруге мүмкіндік берді. Айталық, ҚР ҚК 426-бабы бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашқаны үшін жауаптылық

белгілейді, ол ҚК «Сот төрелігіне және жаза атқару тәртібіне қарсы қылмыстар» атты 17-тарауына орналасқан. Бұл аталған қылмыстардың **тектес объектісі** сот төрелігін, сондай-ақ жаза атқаруды жүзеге асыру саласында қалыптасатын қоғамдық қатынастар болып табылады, не аталған іс-әрекет анықтама, тергеу және сот ісін дұрыс жүргізуге кедергі етеді, дегенді білдіреді [3, 56].

Сот төрелігіне және жаза атқару тәртібіне қарсы қылмыстар - бұл соттың, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша сот алдына қойылған міндеттерге жетуде ықпал ететін органдардың, сондай-ақ жаза атқаратын органдардың дұрыс қызметін бұзатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттер. Сот төрелігі өзінің мақсаты ретінде мынаны айтады, меншік нысанына тәуелсіз барлық мекемелер, ұйымдар және кәсіпорындардың, лауазымды адамдар және азаматтардың заңдарды дәл және бұлжытпай орындауын қамтамасыз ету. Сот төрелігінің міндеттерін жүзеге асыруы және мақсаттарына жетуі тек сот қызметімен ғана шектелмейді. Сот төрелігін атқарудың елеулі кезеңі заң күшіне енген сот үкімімен белгіленген жазада білінетін мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану болып табылады. Бұл бас бостандығынан айыру түріндегі сондай-ақ сотталғанды оқшаулаумен байланыссыз жазаларды қылмыстық-атқару заңнамасы (ҚР ҚАК) негізінде атқаратын мемлекеттік органдардың қылмыстық-атқару органдарының ерекше маңыздылығын білдіреді.

Қылмыстық-құқықтық әдебиетте қарастырылып жатқан қылмыстың **тектес объектісінің** ұғымына қатысты біртұтас қалыптасқан көзқарас жоқ. Айталық, И. С. Власов осы қылмыстардың объектісін «сот төрелігін заңда белгіленген тәртіптер, мақсаттар және міндеттерге сәйкес атқару» деп сипаттайды. Т.Н. Добровольскаяның пікірінше, сот төрелігін атқаруда септігін тигізетін органдардың қызметі сот төрелігі Оның ұғымына кірмейді. пайымдауынша: «Сот төрелігі ұғымы шегінен сот үкімдерін, шешімдерін, анықтамаларын және қаулыларын тікелей орындайтын органдардың қызметі де шығады. Бұл қызмет сотпен шығарылып қойылған және заң күшіне енген сот төрелігі актісін іске асыру болып саналады және соттың шешіміне қосымша құқықбұзушыға қатысты қандай да бір жаңа заң актісін шығара алмайтын мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады»[4; 146].

Көрініп тұрғандай, белгіленген концепцияны жақтаушылар сот төрелігін тар мағынада түсінеді. Сол шақта, жоғарыда айтылғандар негізінде, сот төрелігінің және жаза атқару тәртібінің міндеттерін жүзеге асыру және мақсаттарына жету жөнінде қызметті кең мағынада - қылмысқа қарсы күрес жүргізетін барлық мемлекеттік органдардың (соның ішінде қылмыстық-атқару мекемелерінің) бірлескен қызметі ретінде түсіну қажет.

Сот төрелігі ұғымы ҚР сот жүйесі туралы заңнамасында берілген. Бұл жөнінде онда былай делінген: «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады». Дегенмен бұл сот төрелігіне тек сот қызметі ғана жатады деген сөз емес, сот төрелігінің ақырғы шешімі сот шығаратынын білдіреді. Ал сот төрелігінің қызметін анықтама, тергеу, прокуратура органдары қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл органдардың қызметін сот төрелігі мүдделерінен бөліп алып қарауға, яғни қарастырылып жатқан тараумен қорғалатын қоғамдық қатынастар тізімінен тыс қалдыруға болмайды.

«Сот төрелігіне қарсы қылмыстардың тектес объектісінің ұғымымен мемлекет аппаратының бөлігі ретінде анықтама және тергеу органдарының, прокурордың, соттың, сот үкімдері мен шешімдерін орындайтын органдардың қызмет етуі кезінде туатын барлық қоғамдық қатынастар қамтыла бермейді, тек осы органдармен, басқа мемлекеттік органдардың арасынан бөлініп алынатын, «сот төрелігінің міндеттерін шешу бойынша» ерекше қызмет түрін жүзеге асыру барысында құралатын қоғамдық қатынастар ғана қамтылады», деп ұсынған Ш. С. Рашковскаямен келісуге болады. Дәл осындай пікірді Б.М. Құрманбаев, осы тарауда орналасқан қылмыстардың тектес объектісі мемлекеттік органдардың сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар, деп қолдайды [5, 56].

М.Х. Хабибуллин айтқандай: «сот төрелігін жүзеге асыру тек сот органдарының істі шешу бойынша қызметімен ғана шектелмейді. Ол істі сотқа қарағаннан әлдеқайда ерте, алдын ала тергеу немесе сотқа дейінгі дайындық жүргізілу кезінде басталады». Сот төрелігі міндеттерінің іске асырылуы іс бойынша үкім немесе шешім шығарылғаннан кейін де, олар заң күшіне еніп, кейіннен жаза атқарылу кезінде жалғасады».

Айта кету қажет, сот төрелігіне және жаза атқару тәртібіне қарсы қылмыстар туралы тарауда қылмыс құрамдарының бірқатары сот қызметіне емес, сот жүйесінен тыс жатқан органдардың қызметіне қол сұғады. Егер де сот төрелігін атқаруды сот шеңберімен ғана шектесек, онда заң шығарушы неліктен сот төрелігіне және жаза атқару тәртібіне қарсы қылмыстар туралы тарауына сот қызметіне тікелей залал келтірмейтін қылмыс құрамдарын енгізгені түсініксіз болып қалмақ.

Сот төрелігін атқарудағы барлық органдардың қызметі сот төрелігінің мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталғандықтан, олардың қызметіне заңмен белгіленген жазаны атқару немесе заңды үкім шығарылу үшін нақты жағдайлар жасау да кіреді, себебі, бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу осы органдардың қызметіне қол сұға отырып, ақыр аяғында сот төрелігі мүдделеріне залал келтіреді (тектес объект)[5, 68].

Кейбір ғалымдардың пікірінше, қашу сот төрелігі мүдделеріне қол сұға отырып, ең алдымен, тікелей бас бостандығынан айыру, немесе қамақта, күзетте ұстау міндеттері жүктелетін органдардың қалыпты қызметін бұзады. Сондықтан қашқан кезде қол сұғушылықтың тікелей объектісі ретінде осы органдарға жүктелген сотталғандарды немесе қамаққа және күзетке алынған адамдарды түзеу қызметін жүзеге асыру бойынша олардың қалыпты қызметін тану қажет.

Бұл мәселені К. В. Мазняк өзгеше шешуді ұсынды. Ол қылмыстық құқықта жалпы қабылданған объектіні тектес және тікелей болуден бас тартып, қашу кезінде қол сұғушылықтың жалғыз объектісі болып сотталған мен жазаны жүзеге асыратын органның арасындағы еңбекпен-түзеу құқық қатынасы танылады, деп есептейді.

Бұл айтылғанмен біз келісе алмаймыз. Себебі мұндай түйін келесі дәлелдермен күмән туғызады. Қашудың тікелей объектісі - қылмыстық-атқару құқығының нормаларымен реттелетін түзеу мекемелерінің қызметінен гөрі анағұрлым кеңірек ұғым. Қылмыстық-атқару құқық қатынастары жаза атқару жөні бойынша туындайды және, негізінде, қылмыстық-атқару құқығы (ҚР ҚАК) нормаларымен реттеледі, ал сот төрелігін жүзеге асыру үкім шығару және жаза атқару алдында өтетін бірқатар іс жүргізу сатыларын қажет етеді және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының (ҚР ҚІЖК) нормаларымен реттеледі. Сондықтан, біздің ойымызша, қашу кезінде қылмыстық-атқару құқық қатынасы оның тікелей объектісі ретінде қарастырылмауы қажет [5, 87].

Басқа ғалымдардың пікірінше, қашудың тікелей объектісі болып сот және тергеу органдарының, сондай-ақ еңбекпен-түзеу мекемелерінің қалыпты қызметі танылады, үшінші бір оқымыстылардың айтуынша - «сот төрелігін бас бостандығынан айыруға шығарылған үкімді орындау сатысында немесе істі сотта тергеу немесе қарау сатысында дұрыс жүзеге асыру».

Бас бостандығынан айыру орындарынан немесе қамақтан қашудың тікелей объектісі туралы мәселе бойынша басқаша көзқарасты В.К. Глистин қолдайды. Ол осы қылмыста қоғамдық қатынастардың әр түрлі топтарына қол сұғатын екі өз алдына дербес іс-әрекет: алдын ала қамақтан қашу және бас бостандығынан айыру орындарынан қашу құралатынын айтады. Олардың алғашқысы сот төрелігі мүдделеріне қол сұғады, себебі соттың сот төрелігін жүзеге асыру бойынша қызметін қиындатуы мүмкін. Сотталғанның бас бостандығынан айыру орнынан қашуы сот қызметінің бұл жағын қозғамайды, себебі үкім шығарылған соттан бастап сот төрелігі толық көлемде атқарылып бітеді, сондықтан да жаза өтеуді қамтамасыз ететін ЕТМ органдарының қызметіне зиян келтіреді. Ал бұл қызмет басқару сипатталғандықтан, бас бостандығынан айыру орындарынан қашу басқару тәртібіне қол сұғады.

Айталық, мысалға, егер тектес объектінің мазмұнына ҚР Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің 17 тарауының шегімен шектелетін топқа кіретін қылмыстардың әрқайсысымен қандай да бір дәрежеде бұзылатын қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығы кірсе, онда тікелей объект нақты қылмыспен әрқашан бұзылатын, қорғау үшін қылмыстық заңның тиісті нормасы көзделетін тектес объекті қатарындағы қоғамдық қатынас болып табылады [4, 136].

Қашудың тікелей объектісіне өзгеше анықтама ресей қылмыстық құқығының авторларымен берілді, олар қарастырылып жатқан қылмыстың объектісін тергеу және сот органдарының қалыпты қызметі деп таныды, өйткені, қашу анықтама, тергеу өндірісін, сот талқылауына кедергі жасайды, сондай-ақ үкімді орындауға қайшылық етеді. Егер қашу осы қылмыстың саралау белгілерімен ұштасса, онда қосымша объект ретінде және жеке адамның денсаулығы да болады.

Қашудың тікелей объектісінің жоғарыда келтірілген тұжырымдарында бұзылуы немесе іріткі салуы қылмыстың осы түрінің әлеуметтік мәнін құрайтын қоғамдық қатынастар көрсетілмеген. ҚК 426 бабының диспозициясында қашудың тікелей объектісінің анықтамасы үшін маңызды мағынасы бар бірқатар ережелер бар. Біріншіден, заңда қашуды бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны, өтеп жатқан, немесе қамақтағы адамдар жасайтыны көрсетілген. Екіншіден, қарастырылып жатқан қылмыс бас бостандығынан айыру орнын заңсыз, өз бетімен қалдыру болып табылады. Үшіншіден, қашудың мақсаты жаза өтеуден, тергеуден немесе соттан уақытша немесе мүлдем бой тасалау болып танылады.

Көрсетілген белгілердің мағыналық мазмұны мынада көрінеді, қашу бас бостандығынан айыру, қамақтан немесе күзеттен жазаға тартылған адамдармен немесе қамаудағы, яғни жасаған қылмысы үшін мемлекеттік мәжбүрлеуге тартылған адамдармен жасалады, және жаза атқару және өтеу тәртібін, қылмыстық сот ісін жүргізуді дұрыс жүзеге асыруды бұзатын әрекеттермен

жасалады, сондай-ақ мемлекеттік мәжбүрлеуді төзуден жалтару пиғылын іске асыру болып табылады.

Мұндай талдау келесі сипаттағы тұжырым жасауға мүмкіндік береді, ҚК 426 бабы бас бостандығынан айыру, түріндегі жазаны немесе қамақпен күзетте ұстауды орындау және өтеу тәртібін және режимін; қылмыстық іс бойынша ойдағыдай өндіріс жүргізу тәртібі мен жағдайларын қамтамасыз ететін қатынастарды, сондай-ақ заң қылмыс жасалумен байланыстыратын қолайсыз құқықтық зардаптарды төзу бойынша кінәлінің заңды міндеттерін іске асыру жөніндегі қатынастарды, яғни қылмыстық жауаптылық жөні бойынша қатынастарды қорғауға бағытталған. Қашу не қылмыстық-атқару қатынастарына, не қылмыстық іс жүргізу қатынастарына зиян келтіргенімен, алайда осы қылмыстың әлеуметтік мәні, біздің ойымызша, дәл сол қылмыстық жауаптылықтан уақытша немесе мүлдем жалтаруда көрінеді.

Айтылғандар мынадай қорытынды шығаруға мүмкіндік береді, қашудың объектісінде ол әлі жазасын өтеп жатқан жоқ. **объектісі** мемлекет пен қылмыс жасаған адамның арасындағы, соңғысының қолайсыз зардаптарды төзудегі заңды міндеттерін және мемлекеттің оған мемлекеттік мәжбүрлеуді, заң қылмыс жасаумен байланыстыратын, қолдану құқықтарын іске асыру жөні бойынша қоғамдық қатынастар болып табылады деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Өзге тікелей объектілер, қашумен зиян келтірілетін, қосымша немесе факультативтік деп аталады.

Қылмыстық құқық ғылымы қосымша **тікелей объект** деп оған қол сұғушылық осы қылмыстың әлеуметтік мәнін құрамайтын, бірақ осы қылмыспен әрқашан зардап шегетін немесе зиян келтіру қаупін туғызатын қоғамдық қатынасты айтамыз. **Факультативтік тікелей объект** осы қылмыспен кей жағдайларда ғана зиян келтірілетін қоғамдық қатынас болып табылады.

Жазасын өтеп жатқан адам қашу кезінде, әдетте, қылмыстық істің тергелуіне немесе сотта қаралуына залал келтіре алмайды, себебі ол осы қатынастардың қатысушысы болып саналмайды. Егер сотталған бас бостандығынан айыру немесе қамаққа күзет орнына жіберіліп, арнаулы қарауылмен айдау кезінде қашу жасаса, онда осы арқылы ол істің тергелуіне және сотта қаралуына зиян келтіре алмайды, себебі іс бойынша өндіріс аяқталған, үкім заң күшіне еніп, орындалған. Демек, бұл адам іс бойынша қалыпты сот ісін жүргізуді қамтамасыз ететін қатынастардың субъектісі бола алмайды. Мұндай адам сотталғандарды түзеу бойынша қылмыстық-атқару мекемелерінің қызметі саласындағы қоғамдық қатынастардың субъектісі де бола алмайды, себебі ол шын мәні.

Қашу құрамының негізгі және факультативтік объектілер ретінде болатын жоғарыда қарастырылған қоғамдық қатынастардан басқа, зиян оны жасаудың әдісіне тәуелді. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің өзге тарауларында қылмыстық-құқықтық қорғауына алынған басқа да қоғамдық қатынастарға да зиян келтіріледі. Айталық, қару немесе қару ретінде пайдаланылатын нәрсені қолдану арқылы қашу (ҚК 426 2-бөл. «3»-тарм.) жасау кезінде кінәлі қоғамдық қауіпсіздікке де қол сұғады, адам өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолдану арқылы немесе дәл осындай күш қолданамын деп қашу ( ҚК 426 б. 2 бөл. «2»-тарм.) жасаған жағдайда - сондай-ақ, адамның өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарға зиян келтіріледі.

ҚК 426 б. 2 бөл. «2» және «3»-тармақтарында көзделген әрекеттермен ұштасқан қашу жасаған кездегі мән-жай, яғни, негізгі объектімен қатар әрқашан қосымша объектіге зиян келуі, заң шығарушыға мұндай қол сұғушылықтар неғұрлым қоғамға қауіптілеу деп есептеуге және олар үшін неғұрлым қаталдау жаза көздеуге мүмкіндік берер еді.

Сөйтіп, сараланған қашу жасау кезінде зиян келтірілетін қоғамдық қауіпсіздік, адамның өмірі мен денсаулығы жөні бойынша қоғамдық қатынастарды осы қылмысқұрамының қосымша объектісі ретінде қарастырылуы қажет.

Жоғарыда айтылып өткендей, ҚК 426 бабымен қорғалатын қоғамдық қатынастар екі жаққа қатысты көрінеді: қашу жасаған адам және мемлекет. Дегенмен қашудың мәні жөнінде сұрақты дұрыс шешу үшін тек заңмен қорғалатын қатынастың субъектілерін ғана анықтау жеткіліксіз. Сондай-ақ осы қоғамдық қатынас субъектілерінің әлеуметтік қызметін анықтау да маңызды.

Қарастырылып жатқан қатынастардың екінші субъектісі ретінде қылмыс жасағаны үшін кінәлі адам есептеледі. Қоғамдық қатынастың субъект жағын талдаған кезде қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың шеңберін анықтау проблемасы туындайды: қылмыстық жауаптылыққа тарту кім тартылатынын анықтау қажет; қай сәттен бастап қылмыстық жауаптылық

жөні бойынша мемлекетпен қатынасқа түседі; осы қатынастардың субъектілер шеңберіне мемлекеттік мәжбүрлеуге қате немесе негізсіз тартылған адамдар кіре ме, әлде жоқ па.

ҚК 3 бабында «қылмыстық жауаптылықтың жалғыз ғана негізі болып қылмыс, яғни осы кодекспен көзделген қылмыс құрамының барлық белгілерін құрайтын іс-әрекет табылады» деп көрсетілген. Осыдан шығатыны, мемлекет қылмыстық жауаптылықты тек қылмыс жасаған адамға ғана жүктей алады. Сонымен қатар, ҚК 23-бабында заң кінәсіз мінез-құлқы немесе жазықсыз залал келтіргені үшін қылмыстық жауаптылықты жүктеуге болмайтыны айтылған.

Қарастырылып жатқан қатынастардың қашу құрамына қатысты субъектісі ретінде заңға сәйкес мемлекеттік мәжбүрлеуге тартылатын адам бола алады және сондықтан қылмыс жасағаны үшін қолайсыз зардаптарды төзеді.

Осыдан шыға отырып, бірқатар маңызды жағдайлар жасауға болады, олар қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың шеңберін кең түсінуден құтылуға мүмкіндік береді. Айталық, қатынастың субъектісі ретінде қашу жасамаған немесе оны жасауда кінәлі емес адам, сондай-ақ қашу жасау кезде 16 жасқа толмаған, бірақ мемлекеттік мәжбүрлеуге тартылған адам бола алады. Осы қатынастардың субъектілері болып қылмыс жасағаны үшін қолайсыз зардаптарды төзуге міндетті, бірақ оларға қатысты негізсіз немесе заңсыз мемлекеттік мәжбүрлеу қолданылған адамдар танылмайды. Айталық, қамау түріндегі мемлекеттік мәжбүрлеуге заңмен бас бостандығынан айыру немесе тұтқындау түріндегі жаза көзделмеген қылмыс жасаған адам тартылмайды (ҚР ҚДЖК 150-б. 1 бөл.). ҚДЖК 150-бабына сәйкес тұтқындау сот шешімінсіз немесе прокурордың санкциясыз қолданылса заңсыз болып есептеледі.

Қылмыстық жауаптылыққа, ҚК 69 бабына сай, оған қатысты қылмыстық жауаптылыққа тартылудың ескіру мерзімдері өтпеген адам тартылады. Айтылғандар негізінде ҚК 426 бабымен қорғалатын қоғамдық қатынастардың қатысушылары болып, бір жағынан, заңға сәйкес кінәліге қылмыстық жауаптылық жүктейтін мемлекет, екінші жағынан, қылмыс жасаған жеке тұлға танылады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың тікелей объектісіне зиян келтіру механизмі нақты қоғамдық қатынас құрылысына үйлестіре дәстүрлі түрде қаралады, себебі дәл осы өзіне қылмыстық ықпал сынап көреді. Қоғамдық қатынастың ішкі құрылысының үш элементін бас айта отырып, В.К. Глистин қылмыс олардың ішіндегі кез келгеніне - қоғамдық қатынастың «заттық» элементіне (қатысушылар немесе нәрсе), немесе қатынастың мазмұнын құрайтын байланыстың өзіне - тікелей ықпал етеді.

Қашудың тікелей объектісіне зиян келтіру механизмі барлық жиылған қоғамдық қатынастардың бірін - сол арқылы тұтас жүйе ретінде ішкі сандық өзгерістерге ұшырайтын жеке қатынасты бұзуымен немесе бүлдіруімен сипатталады. Біртұтас жекеше қатынас осы қатынастың әлеуметтік байланысын ұзу арқылы, субъект өзін осы қатынастан өзінің әлеуметтік мәртебесін өзгерту және оның қылмыс жасауынан туындайтын қолайсыз зардаптарды төзуден босатылу мақсатында алып тастаған жағдайда, бұзылады.

Қарастырылып жатқан қылмыстың объектісіне зиян келтіру уақытша санды түрде өзгерумен сипатталады. Қашу тек уақытша ғана жеке біртұтас қатынасты үзумен сипатталады. «Қоғамдық мүддеге сәйкес, субъектіге қатысты немесе оның қоғамдық мүдделерге қайшы әрекеттер жасауынан құралатын, тәртіптің болмауы қоғамдық мүдделерді жүзеге асыру мүмкіндігін жояды». Бірақ бұл бұзушылық көп жағдайда тек уақытша ғана, немесе өзінің сипаты бойынша ол қалыпқа келтіруге жарамды. Кей кезде қашу кезінде жеке қатынас қалыпқа келмеген жағдайда (мысалға, қашқын ұсталмаған кезде, айыбын мойнына алмағанда, кісі өлген жағдайда және т.б. жағдайларда), істің мағынасын өзгертпейді, мұндай зиян қоғамдық қатынасқа көбірек келетінін көрсетеді.

Қарастырылып жатқан проблеманы зерттеген заңгер-ғалымдардың келтірілген пікір-көзқарастарын ескере отырып, сондай-ақ оларды зерделей келе, осы қылмыстық қол сұғушылықтың объектісін анықтау бойынша өз нұсқамызды ұсынамыз. Сонымен, ҚК 426-бабында көзделген қылмыстың **тектес объектісі** болып сот төрелігін жүзеге асыру, және де жаза атқару тәртібі саласында қалыптасатын қоғамдық қатынастар танылады, себебі бұл іс-әрекет анықтама, тергеу, сот және жаза атқару органдарының қалыпты қызмет етілуіне кедергі келтіреді. Қашудың тікелей **объектісі** мемлекет пен қылмыс жасаған адамның арасындағы, кінәлінің қолайсыз зардаптарды төзудегі заңды міндеттерін және мемлекеттің оған мемлекеттік мәжбүрлеуді, заң қылмыс жасаумен байланыстыратын, қолдану құқықтарын іске асыру жөні бойынша қоғамдық қатынастар болып табылады. Ал қашудың сараланған құрамының факультативтік объектісі болады, мұндай ретінде адамның денсаулығы аталады.

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Борчашвили жалпы редакциясымен. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2006. – 496 б.
2. Ағыбаев А. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Оқулық. Толықтай үшінші рет басылу. - Алматы, Жеті жарғы, 2002. - 325 б.
3. Наумов А.В. Қылмыстық құқығы: жалпы бөлім: лекциялар курсы. - 2-ші бас.аудар.,қайта өңделген және толықт. - Астана : Фолиант, 2001. - 660 б.
4. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны И.Ш. Борчашвилидің және Р.А. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен. – Алматы, 2007. - 510 б.
5. Рахметов С.М. Преступления против правосудия: Монография. - Алматы. Жеті жарғы. 2007. – 280 с.

## УСЛОВИЯ, СПОСОБСТВУЮЩИЕ НАРКОПРЕСТУПЛЕНИЯМ, СОВЕРШАЕМЫМ РЕЦИДИВИСТАМИ

*Аманжолова Б.А., к.ю.н., доцент кафедры уголовного права и криминологии  
Ищанов Ж.М., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова*

Если под причиной преступности понимаются факторы социальной действительности, порождающие преступления, то условиями преступности являются факторы, которые способствуют ее существованию. Совокупность всех условий и причин совершения конкретного преступления в криминологии называется общей (полной) причиной преступления [1, 264]. Совокупность связей причин, следствия и условий преступности является детерминизмом. Детерминизм, по мнению Кобзевой И.В., это «определяемость одних явлений другими, наличие между ними связи причины и следствия, условий и обусловленного, зависимость вещей в их существовании и изменении от любых факторов» [2, 42].

В основе классификации условий наркопреступности рецидивистов заложено деление детерминант на объективные и субъективные. Условия наркопреступности рецидивистов объективного характера лежат во внешней среде, проявляются на уровне всего государства. Объективные условия не являются производными от личности рецидивиста, но сильно с ней связаны в силу общих законов детерминации. Данный блок условий мы разделяем на две группы: условия, определяющие рецидив преступлений, и условия, определяющие наркопреступность в целом. Субъективные условия связаны с определенными криминологическими чертами личности рецидивистов, совершающих наркопреступления, и с особенностями их ближайшего окружения.

К блоку объективных условий рецидивной наркопреступности, определяющих рецидив преступлений, мы относим:

недостатки в деятельности правоохранительных органов по выявлению и расследованию наркопреступлений рецидивистов; недостатки в деятельности судебной системы; несовершенство законодательства по борьбе с преступностью; недостатки в деятельности исправительных учреждений; проблемы ресоциализации бывших осужденных за наркопреступления; ослабление контроля за ранее судимыми лицами.

К блоку объективных условий рецидивной наркопреступности, обуславливающих совершение наркопреступлений, мы относим:

доступность наркотических средств; недостатки в профилактике наркомании; пропаганду потребления наркотических средств в средствах массовой информации и сети Интернет;

низкую эффективность системы выявления и лечения наркозависимых; латентность наркопреступлений и наркомании.

К блоку субъективных условий рецидивной наркопреступности мы относим: наличие у определенной части рецидивистов наркотической зависимости; наличие болезни (исключая наркоманию) или психических расстройств; нахождение рецидивистов в негативной среде; преступный профессионализм.

Объективные условия рецидивной наркопреступности, определяющие рецидив преступлений. Недостатки в деятельности правоохранительных органов по выявлению и расследованию наркопреступлений рецидивистов. Главным недостатком является то, что